



ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ

КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 8 сәуір

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы
Үлкен алқасы:

төрағалық етуші, Сот төрағасы А.А. Дронов,
баяндаушы судья Е.Ж. Исмаилов, судьялар Э.В. Айриян,
Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев, А.А. Забара, М.Т. Кайыпов,
А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы Б.М. Айсаутовтың қатысуымен,
іс материалдарын зерделеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 42, 46, 47,
50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты
Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі
тұлғасында Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 11 сәуірдегі
Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарттың
және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы
21 шілдедегі № 69 шешімінің ережелеріне түсініктеме беру туралы
өтініші бойынша Консультативтік қорытынды ұсынады.

I. Өтініш берушінің сұрақтары

1. Қазақстан Республикасының сауда және интеграция министрлігі
тұлғасында Қазақстан Республикасы (бұдан әрі – өтініш беруші)
2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден
кодексі туралы шарттың (бұдан әрі – ЕАЭО КК туралы шарт) және
белгілі бір тауарларға қатысты тәуекелдер саласын айқындауға қатысты
Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы
21 шілдедегі № 69 шешімінің (бұдан әрі – № 69 шешім) ережелерін

түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

Өтініш беруші № 69 шешім Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия, ЕЭК) кеден органдарына тәуекел бейінін бекіту және тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қолдану ұсынылатын тәуекелдер саласын айқындау құқығын көздейтін Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (ЕАЭО КК туралы шартына № 1 қосымша; бұдан әрі – ЕАЭО КК) 377-бабының 6-тармағы негізінде қабылданғанын атап көрсетеді.

№ 69 шешімде Комиссия Комиссияның көрсеткен тауарлардың жекелеген топтарына қатысты тәуекелдер салаларын айқындады, мүше мемлекеттердің үкіметтеріне белгілі бір тәуекелдер салаларына қатысты тәуекелдер бейіні бекітілген жағдайда ЕЭК-ті хабардар етуді қамтамасыз ету өтінішімен үндеу қамтылған.

ЕАЭО КК 377-бабының 1-тармағы ЕАЭО КК 377-бабының 4-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес кеден органдары іске асыратын тәуекелдерді басқару процесін сипаттайды. Ұлттық құқыққа мұндай сілтеменің болуы, өтініш берушінің пікірінше, тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану мәселелерінде ұлттық органдардың айрықша құзыретін институционалдық тұрғыдан бекітеді, осыған байланысты бір мезгілде императивтік те, ұсынымдық да сипаттағы нұсқауларды қамтитын № 69 шешімнің құқықтық мәртебесі анық емес.

2. Осылайша, 2026 жылғы 20 ақпанда ұсынылған нақтылауды ескере отырып, өтініш беруші Соттан мынадай мәселелер бойынша консультативтік қорытынды ұсынуды сұрайды:

- ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағында бекітілген Комиссияның құқығы міндетті немесе ұсынымдық сипатты иелене ме?

- ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағы тәуекелдер саласын Комиссияның қандай құжаты нысанында айқындауды көздейді?

- № 69 шешім оның 2-тармағының талаптарын ескере отырып міндетті орындауға жата ма?

II. Соттағы рәсім

3. Соттың Үлкен алқасының 2025 жылғы 8 желтоқсандағы қаулысымен өтініш іс жүргізуге қабылданды. № 69 шешімде және осы шешімді дайындау мен қабылдауға жататын материалдарда қамтылған таралуы шектелген ақпаратқа жататын бөлігінде іс материалдарының жариялануы шектелді.

4. Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 2 қосымша) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентінде (бұдан әрі тиісінше – Статут, Шарт, Регламент) айқындалады.

5. Регламенттің 75-бабына сәйкес істі қарауға дайындық шеңберінде өтініш беруші қойған сұрақтар бойынша қосымша мәліметтер, Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ, ЕАЭО) мүше мемлекеттердің құзыретті мемлекеттік органдарының, ғылыми мекемелерінің, сондай-ақ Комиссияның пікірлері сұратылды.

Сотқа тиісті ақпаратты және материалдарды өтініш беруші, Армения Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік кірістер комитеті, Беларусь Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті, Беларусь мемлекеттік университеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңнама және құқықтық ақпарат институты, Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі, Қырғыз Республикасының Әділет министрлігі, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасы, Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институты ұсынды.

Комиссия Сотқа № 69 шешімді қабылдау үшін негіз болған дайындық материалдарын және өтініш бойынша жазбаша ұстанымды ұсынды.

III. Соттың қорытындылары

6. Статуттың 2-тармағына сәйкес Сот қызметінің мақсаты мүше мемлекеттердің Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін Статуттың ережелеріне сәйкес біркелкі қолдануын қамтамасыз ету болып табылады.

7. Сот Статуттың 46 және 50-тармақтарына сәйкес мүше мемлекеттің немесе Одақ органының өтініші бойынша, оның ішінде, халықаралық құқықтың жалпы танылған қағидаттары мен нормалары негізінде Шарттың, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттардың және Одақ органдары шешімдерінің ережелеріне түсініктеме беруді жүзеге асырады.

Халықаралық шарт 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабына сәйкес шарттың терминдеріне олардың контекстінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілетін әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

Сот мәселелерді өзінің құзыреті шегінде қарайды және Одақ органдарына Шартта және (немесе) Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда тікелей көзделгеннен бөлек қосымша құзыреттер бермейді (Статуттың 41, 42-тармақтары).

8. Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 3-бабына сәйкес Одақ өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде, атап айтқанда, Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығын, тек құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету, өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін Кеден одағының алып тастауларсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Аталған қағидаттар Шарттың 3-бабында көрсетілген Одақтың жұмыс істеуінің басқа негізгі қағидаттарымен бірге құқықтық негізге кіреді. Олардың қатарына халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын құрметтеу де жатады. Бұл ретте Шарттың 3-бабында белгіленген, оған сәйкес мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдай жасайтын және Одақ мақсаттарына қол жеткізуге қауіп төндіре алатын шаралардан қалыс қалатын қағидат мүше мемлекеттердің рұқсат етілген мінез-құлық шеңберін айқындайды және оларды осы мемлекетаралық бірлестіктің мақсаттарына қол жеткізуге бағдарлайды.

Соттың Үлкен алқасы бұрын Шарт (оның ішінде оның мақсаттары мен қағидаттары) ЕАЭО құқығы жүйесін қалыптастыратын элемент болып табылатынына, Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің өзге де халықаралық міндеттерінің мазмұны мен көлемін шарттастыратынына назар аударған болатын (№ Р-7/25 іс бойынша 2026 жылғы 2 наурыздағы Консультативтік қорытындының 9-тармағы), сондай-ақ Шарттың тиісті нормаларын олардың Шарттың I бөлімінде (атап айтқанда, 1, 3–6-баптарында) бекітілген, Шарт және оны іске асыру үшін негіз қалайтын мәнге ие қағидаттарымен және нормаларымен ажырамас өзара байланыста түсіндірудің және қолданудың

маңыздылығын атап өткен болатын (Соттың № Р-5/24 іс бойынша 2025 жылғы 7 сәуірдегі Консультативтік қорытындысының 6-тармағы).

9. Шарттың 2-бабына сәйкес Кеден одағы өзінің шегінде өзара саудада кедендік баждар (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар), тарифтік емес реттеу шаралары, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары қолданылмайтын бірыңғай кедендік аумақты көздейтін, мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық интеграциясы нысанын білдіреді. Шарттың 25-бабы 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Кеден одағы шеңберінде Бірыңғай кедендік тарифі және үшінші тараптармен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің өзге де бірыңғай шаралары қолданылады.

10. Шарттың 2-бабына сәйкес мүше мемлекеттер өздері айқындаған, Шартта көзделген салаларда біріздендірілген құқықтық реттеуді, оның ішінде Одақ органдарының өз өкілеттіктері шеңберіндегі шешімдері негізінде қолдануын көздейтін бірыңғай саясатты жүзеге асырады.

Кеден одағы шеңберінде бірыңғай кедендік реттеуді жүзеге асыру Шарттың 25-бабы 1-тармағының 4-тармақшасына сәйкес Кеден одағының жұмыс істеу қағидаттарының бірі болып табылады.

Шарттың 32-бабына сәйкес Одақта бірыңғай кедендік реттеу ЕАЭО КК сәйкес және Одақтың құқығын құрайтын, кедендік құқық қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға және актілерге (бұдан әрі – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілер) сәйкес, сондай-ақ Шарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Осылайша, Шарт ЕАЭО КК-ны оларға сәйкес Одақта бірыңғай кедендік реттеу жүзеге асырылатын нормалардың негізгі көзі ретінде айқындайды.

11. ЕАЭО КК 1-бабына сәйкес Одақта жүзеге асырылатын бірыңғай кедендік реттеу Одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізу, олардың Одақтың кедендік аумағында немесе оның шегінен тысқары жерлерде болу және пайдаланылу тәртібі мен шарттарын, тауарлардың Одақтың кедендік аумағына әкелінуіне, олардың Одақтың кедендік аумағынан әкетілуіне, тауарлардың уақытша сақталуына, олардың кедендік декларациялануына және шығарылуына байланысты кедендік операциялар, өзге де кедендік операциялар жасау тәртібін, кедендік төлемдерді, арнайы, демпингке қарсы, өтем баждарын төлеу және кедендік бақылау жүргізу тәртібін белгілеуді, сондай-ақ кеден органдары мен Одақтың кедендік аумағында немесе оның шегінен тысқары жерлерде тауарларды иелену, пайдалану және (немесе)

оларға билік ету құқықтарын іске асыратын тұлғалардың арасындағы билік қатынастарын регламенттеуді қамтиды.

Жоғарыда көрсетілгендей, кедендік реттеу Одақта кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, сондай-ақ 6-баптың 3-тармағына сәйкес Одақ шеңберінде халықаралық шарттардың алдында басымдықты иеленетін Шартқа сәйкес жүзеге асырылады. ЕАЭО КК мен Одақ құқығына кіретін, кедендік құқық қатынастыраын реттейтін өзге де халықаралық шарттар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда ЕАЭО КК ережелері қолданылады.

Баяндалғанды назарға ала отырып, Соттың Үлкен алқасы ЕАЭО КК халықаралық шарт ретінде, оның ішінде тәуекелдерді басқару саласында кедендік құқық қатынастарын реттеудің негізі болып табылатынын және оның ережелері кедендік реттеу саласында Шарттан басқа өзге халықаралық шарттар мен актілердің алдында басымдыққа ие болатынын белгілейді.

12. ЕАЭО КК 2-бабының 1-тармағында ЕАЭО КК қолдану мақсаттары үшін ұғымдар берілген:

кедендік операциялар – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерге және (немесе) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамсына сәйкес тұлғалар және кеден органдары жасайтын іс-қимылдар (37-тармақша);

кеден органдары – мүге мемлекеттердің кеден органдары (38-тармақша);

кедендік бақылау – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасының сақталуын тексеруге және (немесе) қамтамасыз етуге бағытталған, кеден органдары жасайтын іс-қимылдар жиынтығы (41-тармақша).

13. Кедендік бақылауды жүргізу туралы жалпы ережелер ЕАЭО КК 44-тарауында қамтылған, оның нормаларына (310-бап) сәйкес:

кедендік бақылауды ЕАЭО КК сәйкес кеден органдары жүргізеді;

кедендік бақылау нысандарын және (немесе) кедендік бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз ететін шараларды қолданумен кедендік бақылауды жүргізу тәртібі ЕАЭО КК-да, атап айтқанда ЕАЭО КК-мен реттелмеген немесе мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес жағдайларда көзделген бөлікте айқындалады;

аталған нысандарды және кедендік бақылауды қамтамасыз ету шараларын қолдану технологиясы (нұсқаулығы) мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді;

кедендік бақылау объектілерін, нысандарын және (немесе) кедендік бақылауды қамтамасыз ету шараларын таңдаған кезде мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесі пайдаланылады;

кедендік бақылау нысандары және (немесе) кедендік бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз ететін шараларды кеден органдары, егер бұл мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген болса, бақылау осы мүше мемлекеттің кеден органдарына жүктелген мүше мемлекеттің заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үшін қолдануы мүмкін;

кедендік бақылауды жүргізу кезеңдері, оның ішінде белгілі бір мән-жайлардың орын алуына қарай мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленуі мүмкін.

14. Осылайша, ЕАЭО КК-ның жоғарыда келтірілген ережелерімен кедендік бақылауды жүзеге асыру функциялары, оның ішінде мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйесін пайдалана отырып оны жүргізу объектілері мен нысандарын таңдау, кедендік бақылау нысандарын және (немесе) тәуекелдерді басқару жүйесі тетіктерінің бірі ретінде кедендік бақылауды жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне жатқызылады. Кедендік бақылауды жүргізу тәртібі, кедендік бақылау нысандарын және кедендік бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз ететін шараларды қолдану технологиясы (нұсқаулығы) ЕАЭО КК-мен реттелмеген бөлігінде немесе олармен көзделген жағдайларда мүше мемлекеттерің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес белгіленеді.

15. Тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану тәртібі ЕАЭО КК-ның «Кеден органдары қолданатын тәуекелдерді басқару жүйесі» атты 50-тарауының нормаларымен реттеледі.

ЕАЭО КК 376-бабына сәйкес ЕАЭО КК 50-тарауының мақсаттары үшін талданатын мәселеге қолданылатын мынадай ұғымдар пайдаланылады:

кедендік тәуекел (тәуекел) – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасын сақтамау ықтималдығы;

тәуекелдерді басқару – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасын сақтамауға байланысты оқиғалардың орын алуын және олардың орын алуынан ықтимал залалын азайту бойынша кеден органдарының жүйеге келтірілген қызметі;

тәуекелді бағалау – тәуекелді сәйкестендіру, талдау және тәуекел деңгейін айқындау бойынша әрекеттер;

тәуекелді сәйкестендіру – тәуекелді анықтау, тану және сипаттауға бағытталған әрекеттер;

тәуекелді талдау – тәуекел саласын және индикаторларды айқындау үшін кеден органдарындағы ақпаратты пайдалану;

тәуекел деңгейі – кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасын сақтамауға байланысты оқиғалардың орын алу жиілігінің және көрсетілген оқиғаның орын алуынан ықтимал салдардың (залалдың) арақатынасын сипаттайтын шама;

тәуекел бейіні – тәуекел саласы, тәуекел индикаторлары және тәуекелдерді азайту юбойынша шаралар туралы мәліметтердің жиынтығы;

тәуекел саласы – туындайтын тәуекелді және жағдайларды сипаттау;

тәуекел индикаторы – кедендік бақылау объектісін таңдауға мүмкіндік беретін белгілердің белгісі немесе жиынтығы;

тәуекелдерді азайту бойынша шаралар – ЕАЭО КК-да көзделген кедендік бақылау нысандары және кедендік бақылаудың жүргізілуін қамтамасыз ететін шаралар, сондай-ақ ЕАЭО КК-да және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленген, тәуекелдерді бағалау негізінде қолданылатын өзге де шаралар.

Кеден органдарының тәуекелдерді басқару процесін ұйымдастыру мәселелері ЕАЭО КК 377-бабында реттелген.

ЕАЭО КК 377-бабының 1-тармағы кеден органдары жүзеге асыратын тәуекелдерді басқару процесіне: (1) кедендік бақылау объектілері туралы, жасалған кедендік операциялар және тауарлар шығарылғанға дейін және шығарылғаннан кейін жүргізілген кедендік бақылау нәтижелері туралы ақпаратты жинауды және өңдеуді; (2) тәуекелді бағалауды; (3) тәуекел индикаторының сипаттамасын; (4) тәуекелдерді азайту бойынша шараларды және осындай шараларды қолдану тәртібін айқындауды; (5) тәуекелдер бейіндерін әзірлеуді және бекітуді; (6) кедендік бақылау объектілерін таңдауды; (7) тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қолдануды; (8) тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қолдану нәтижелерін талдауды және бақылауды қамтиды.

ЕАЭО КК 377-бабының 4 және 5-тармақтарына сәйкес кеден органдарының тәуекелдерді басқару процесін іске асыруы мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасына сәйкес жүзеге

асырылады. Тәуекелдер бейіндері және индикаторларында қамтылған ақпарат құпия болып табылады және мүше мемлекеттердің қаңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, таратылуға жатпайды.

16. Жоғарыда келтірілген ережелерді жиынтықта оқу Соттың Үлкен алқасына атап көрсетілген кедендік бақылау тетіктерін қолданумен тәуекелдерді басқару процесін құзыретіне тәуекелдер саласы, тәуекелдер индикаторлары туралы және тәуекелдерді азайту бойынша шаралар туралы мәліметтердің жиынтығы ретінде тәуекелдердің бейіндерін бекіту жатқызылған Одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдары жүзеге асыратыны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бұған қоса, тәуекел саласын (тәуекелдің сипаттамасын және ол туындаған кездегі шарттарды) айқындау үшін, атап айтқанда, тәуекелді сәйкестендіру (тәуекелді анықтау, тану және сипаттауға бағытталған әрекеттер), тәуекелді талдау (тәуекел саласын және индикаторды айқындау үшін кеден органдарындағы ақпаратты пайдалану) және жиынтығында тәуекелді бағалауды құрайтын тәуекел деңгейін анықтау қажет екенін ескеру керек. Сонымен бірге, ЕАЭО КК 377-бабының 1-тармағы 2-тармақшасына сәйкес тәуекелді бағалай мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне жатқызылған.

17. Соттың Үлкен алқасы өтініш берушінің бірінші сұрағын ескере отырып, ЕАЭО КК-ның жоғарыда көрсетілген ережелерін қарап, Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде Комиссияның мәртебесін негізге алады (Шарттың 18-бабының 1-тармағы).

Шарттың 18-бабының 3-тармағына сәйкес ЕЭК мәртебесі, міндеттері, құрамы, функциялары, өкілеттіктері мен жұмыс тәртібі Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ережеге сәйкес айқындалады (Шартқа № 1 қосымша; бұдан әрі – Комиссия туралы ереже).

Комиссия туралы ереженің 3-тармағына сәйкес осы орган өз қызметін Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өкілеттіктер шегінде, оның ішінде кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеу (1-тармақша), кедендік реттеу (2-тармақша) салаларында жүзеге асырады.

Комиссия қызметінің осы салалары Комиссияның өзі үшін ғана емес, өңірлік экономикалық интеграцияның халықаралық ұйымы ретінде жалпы ЕАЭО үшін басымдыққа ие болып табылады. Кеден одағының сәтті жұмыс істеуі және одан әрі Бірыңғай экономикалық

кеңестіктің құрылуы, сыртқы сауданы, кедендік, ветеринариялық, санитариялық және фитосанитариялық бақылаудың кедендік-тарифтік және тарифтік емес реттеудің бірыңғай жүйесін құру Шарттың 1-бабының 1-тармақшасында жарияланған ЕАЭО-ның төрт еркіндігін іске асыру шарттарын қамтамасыз етеді.

Мұндай қорытынды толық көлемде мемлекеттер оны негізге ала отырып Еуразиялық экономикалық одақты құрған (Шартқа кіріспенің екінші абзацы) 2011 жылғы 18 қарашадағы Еуразиялық экономикалық интеграция туралы декларацияның ережелеріне де сәйкес келеді.

18. Кедендік тәуекелдер кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің сақталуы және тиісінше іске асырылуы үшін қауіп төндіреді. Комиссия Одақтың тұрақты жұмыс істейтін реттеуші органы ретінде кедендік реттеу саласында мониторингті жүзеге асыру кезінде осындай қауіптердің пайда болуы мен дәрежесін қадағалайды және оларға ден қояды, осыған байланысты ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағы кедендік әкімшілендірудің тиімділігін арттыру мақсатында кедендік бақылаудың белгілі бір нысандарын немесе олардың жиынтығын қолдануды талап ететін тәуекелдерді талдаудың жекелеген топтастырылған объектілеріне қатысты Одақтың кеден аумағындағы тәуекелдер салаларын айқындауға ЕЭК-тің құқықтылығын көздейді.

19. Өтініш берушінің бірінші сұрағына байланысты Соттың Үлкен алқасы ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағы Комиссияның тәуекелдер салаларын айқындау бойынша өкілеттігін регламенттейді. Бұл ретте Комиссия мен мүше мемлекеттердің кеден органдарының тәуекелдерді басқару саласындағы жоғарыда аталған құзыреттері мен функцияларының өзара байланыстылығы бірыңғай кедендік реттеу және тауарлардың ішкі нарығының жұмыс істеуі негізінде Кеден одағының жұмыс істеу қағидаттарынан (Шарттың 25-бабының 1-тармағы) келіп шығады.

Комиссия өз өкілеттіктері шеңберінде мүше мемлекеттердің кеден органдарының алдында кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің (кедендік тәуекел) ықтимал сақталмауы саласын және мұндай ықтималдық туындайтын жағдайларды белгілейді. Комиссияның тәуекелдер салаларын айқындауы кеден заңнамасын бұзу мүмкіндігін болжауға негіз болатын тауарлар санаттарының немесе мән-жайлардың сипаттамасын білдіруі мүмкін – мысалы, тауарлардың белгілі бір тобын дәйексіз декларациялау мүмкіндігі.

Мүше мемлекеттердің кеден органдары өз өкілеттіктері шегінде кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілердің тиісінше іске асырылуын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте Соттың Үлкен алқасы Комиссияның кедендік тәуекелдер салаларын айқындауы кеден органдарын кедендік бақылауды жүзеге асырудың мемлекетішілік тетігін, оның ішінде тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу тәртібін іске асыруын, оның стратегиясы мен тактикасын айқындауды шектемейтініне назар аударды. Мүше мемлекеттердің кеден органдарының ұлттық ерекшелігіне және техникалық мүмкіндіктеріне бейімделген кедендік бақылау саласындағы тәуекелдерге ден қоюдың осындай тетігін іске асыру тәртібі, жоғарыда көрсетілгендей, ұлттық құқық қолданушылардың айрықша құзыретіне жатады.

Соттың Үлкен алқасы ЕАЭО КК 377-бабы 6-тармағының нормативтік ұйғарымдарын мұндай түсіндіру Шарттың мақсаттарымен және қағидаттарымен, осы Консультативтік қорытындының 8 – 11-тармақтарында көрсетілген ЕАЭО-дағы бірыңғай кедендік реттеудің талаптарымен толық көлемде үйлеседі және аталған нормалардың пайдалы әсер ету қасиеттерін анықтауға бағытталған деп пайымдайды.

20. Өтініш берушінің екінші сұрағына қатысты Соттың Үлкен алқасы Комиссия өз өкілеттіктері шегінде Одақ құқығына кіретін халықаралық шарттарды іске асыруды қамтамасыз етуге міндетті (Комиссия туралы ереженің 4-тармағы) екенін, ол үшін оған оның ішінде норма шығару функциялары берілгенін атап көрсетеді.

Шарттың 18-бабының 2-тармағын дамыту үшін Комиссия туралы ереженің 13-тармағында ЕЭК өз өкілеттіктері шегінде нормативтік-құқықтық сипаты бар және мүше мемлекеттер үшін міндетті шешімдерді, ұйымдастырушылық-өкімдік сипаты бар өкімдерді және міндетті емес сипаттағы ұсынымдарды қабылдайды деп көзделген.

Бұл ретте Комиссия туралы ереженің 14-тармағында шешімдерді, өкімдер мен ұсынымдарды Шарт пен Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда белгіленген өкілеттіктер шегінде және Шарт пен Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Регламентте көзделген тәртіппен Комиссия Кеңесі және Комиссия Алқасы қабылдайтыны белгіленген.

21. ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағында Комиссияның Одақтың кеден аумағында оларға қатысты кеден органдарына тәуекел бейінін бекіту және оларды азайту бойынша шараларды қолдану ұсынылатын тәуекелдер саласын айқындау құқығы көзделген. ЕАЭО КК 50-тарауының өзге нормалары Комиссияның тәуекелдерді басқару

саласындағы тиісті өкілеттіктеріне нұсқауларды қамтымайды. Сонымен бірге, тәуекелдер бейіндерін әзірлеу және бекіту, жоғарыда көрсетілгендей, ЕАЭО КК 377-бабының 1-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне жатқызылған.

ЕАЭО КК 376-бабына сәйкес кедендік тәуекел (тәуекел) – бұл кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерді және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасын сақтамау ықтималдығы. Комиссия мүше мемлекеттердің ұлттық кеден органдарына Одақтың экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша алдын алу шараларын қабылдауға бағдарланатын тәуекелдер салаларын айқындау бойынша ақпараттық-талдамалық сипаттағы функцияға ие.

Сонымен бірге Одақ құқығы, ЕАЭО КК 377-бабы 6-тармағының нормаларын қоса алғанда, тәуекелдердің салаларын айқындау бойынша шығарылатын актінің түріне нақты нұсқауды қамтымайды. Осыған байланысты, ЕАЭО-дағы бірыңғай кедендік реттеу қағидатын (Шарттың 25-бабы 1-тармағының 4-тармақшасы) ескере отырып, Комиссия шешімі түрінде акт шығару арқылы оларға қатысты кеден органдарына тәуекелдер бейінін бекіту және оларды азайту бойынша шараларды қолдану ұсынылатын тәуекелдер салаларын айқындау үшін кедергілер жоқ.

22. Өтініш берушінің үшінші сұрағына қатысты Соттың Үлкен алқасы жоғарыда баяндалғанмен қатар Шарттың 6-бабының 1-тармағына сәйкес Одақтың құқығын: Шарт; Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттар; Одақтың үшінші тараппен халықаралық шарттары; Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің, Еуразиялық үкіметаралық кеңестің және Комиссияның Шартта және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарда көзделген өз өкілеттіктері шеңберінде қабылданған шешімдері мен өкімдері құрайтынын атап көрсетеді.

Шарттың 6-бабының 3-тармағында ЕАЭО органдарының шешімдері мен өкімдері Шартқа және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарға қайшы келмеуі тиіс екендігі белгіленген.

Осылайша, кедендік құқықтық қатынастарды реттеу саласында Комиссияның ұсынылған өкілеттіктері шеңберінде қабылданған және ЕАЭО КК сәйкес келетін шешімдері мүше мемлекеттердің орындауына жатады.

23. Комиссия № 69 шешіммен тауарлардың жекелеген топтарына қатысты тәуекелдердің саласын айқындай отырып, оның айқындаған тәуекелдер салаларына қатысты тәуекелдердің бейіндерін бекіту

жағдайында ЕАЭО мүше мемлекеттердің үкіметтерінен осы уәкілетті органдар туралы ақпаратты ЕЭК-ке ұсынуды қамтамасыз етуді сұрайды.

Бұрын көрсетілгендей, ЕАЭО КК нормалары Шарттан басқа Одақ құқығына кіретін кедендік реттеу саласындағы өзге де халықаралық шарттар мен актілердің алдында басымдыққа ие, осыған байланысты ЕАЭО КК 377-бабының 1-тармағы негізінде тәуекелдердің бейіндерін бекіту мүше мемлекеттердің кеден органдарының құзыретіне жатады, ал ЕАЭО КК 377-бабының 5-тармағына сәйкес тәуекелдер бейіндерінде қамтылған ақпарат құпия болып табылады және мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, таратылуға жатпайды.

Осы Консультативтік қорытындының 18 – 22-тармақтарында жиынтықта баяндалған, ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағында қолданылған «кеден органдарына тәуекелдер бейінін бекіту ұсынылады» деген тұжырымдауды тікелей түсіну Соттың Үлкен алқасына тәуекелдерді басқару жүйесінің процестерін қамтамасыз ету мәселелерінде мүше мемлекеттердің дискрециясын белгілеуге мүмкіндік береді.

№ 69 шешімде Комиссияның пәні бойынша жалпы, бірақ билік бағыты мен көлемі бойынша әртүрлі, императивтік сипаты мүше мемлекеттердің айрықша құзыретіне жататын салаға таралмайтын өкілеттіктерін іске асыруға бағытталған ережелер қамтылады. Осылайша, № 69 шешім тәуекелдер саласын айқындау бөлігінде нормативтік-құқықтық сипатқа ие, ал тәуекелдер бейінін бекіту бөлігінде мүше мемлекеттер үшін императивтік нұсқамаларды қамтымайды.

24. Баяндалғанның негізінде Үлкен алқа мынадай түсіндіруді ұсынады:

24.1. ЕАЭО КК 377-бабының 6-тармағына сәйкес Комиссияға нормативтік-құқықтық сипатқа ие актілерді қабылдау арқылы тәуекелдер салаларын айқындау бойынша өкілеттіктер берілген. Бұл ретте тәуекелдер бейіндерін бекіту Одаққа мүше мемлекеттердің айрықша құзыретіне жатады.

24.2. ЕАЭО-дағы бірыңғай кедендік реттеу қағидатын ескере отырып, Комиссияның шешімі түрінде акті шығару арқылы тәуекелдердің салаларын айқындау үшін кедергілер жоқ.

24.3. № 69 шешім тәуекелдердің саласын айқындау бөлігінде нормативтік-құқықтық сипатқа ие, ал тәуекелдердің бейіндерін бекіту бөлігінде мүше мемлекеттер үшін императивтік нұсқамаларды қамтымайды.

IV. Қорытынды ережелер

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтында орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар:

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян